

Ә. Тусупбекова¹, Е. Тусупбеков², П. Ишанов³

¹Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қазақстан;

²ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан;

³Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: elmira-mak@mail.ru)

Болашақ мамандардың кәсіптік мәдениетін қалыптастыруда тұлғалық-бағдарланған қатынастың орны

Мақала мазмұнында тұлғалық-бағдарланған қатынастың әмбебап, мінсіз процесс болып табылатынын түсіндіруге мүмкіндік беретіндігі, ақпаратты алу және түрлендіру көзі, адамдар арасында байланыстарды орнату және дамыту процесі болып табылатындығы ғылыми тұрғыдан негізделді. Қатынас арқылы адамдар іс-әрекетінің әр түрлерін ұйымдастыру, тәжірибесімен, білімдерімен, еңбек нәтижелерімен алмасу, өзара түсіністікке қолжеткізу, мақсатқа сәйкес әрекеттер бағдарламасын жасау, бір-біріне өзара әсер ету мәселелері мен зерттеушілілердің көзқарастары қарастырылды. Олардың қатынас мәнін өзара әрекетті, өзара түсіністікті, өзара әсерді қамтамасыз ететін, мақсатқа бағытталған және ақпараттық-энергетикалық процестердің өзгеше жүйесі ретінде анықтауға болатындығы тұжырымдалды.

Кілт сөздер: қатынастың түрлері, болашақ мамандар, педагогикалық ғылым, педагогикалық мәдениет, оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері, қалыптастыру проблемасы, тұлғаның педагогикалық мәдениеті, тұлға мәдениеті, педагогикалық бағытталған қатынас, тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы.

Бүгінгі күні білім беру жүйесінде болашақ мамандарды даярлау саяси, экономикалық және мәдени салаларда жаңа қоғамдық қатынастарға өту жағдайларына ие болуда. Ғаламдандыру күннен күнге өсіп келе жатқан халықаралық бәсекелестік қоғамда болып жатқан өзгерістердің ауқымы мен қарқынының өсуі білім беру саласының, мемлекет дамуының басты факторына айналуына себеп болды. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұв «Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы», — деп бекер айтпаған. Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті — білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу.

Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады», делінген. Жеке тұлғаның дамуының, мәдениаралық алмасулардың, пікірін еркін білдірудің, жаңашыл жобаларды, шығармашылық ойларды іске асырудың түпқазығы ретінде Қазақстанда қолайлы орта қалыптасқан. Бұл, өз кезегінде, жас ұлттың талаптары мен қызығушылығына барынша жауап беретін білім берудің прогрессивті жүйесін қалыптастырумен анықталады. Осылайша, Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде білім беру негізгі роль атқарады [1; 7].

«Қазақстан Республикасының 2005–2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» орта білім берудің мақсаты — алған білімінің, кәсіби дағдыларының негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларында еркін бағдарлай алатын, өзінің білімін дамытуға, сол алған білімі арқылы өз мүмкіндіктерін іске асыруға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру екендігі баса айтылған.

Демек, Білім беру туралы тұжырымдамада белгіленген артықшылықтарға сәйкес, мемлекеттің әлеуетін анықтайтын бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандарды даярлау білім беру жүйесінің ерекше міндеті деп аталған [2; 30].

Осы орайда даярлық деңгейі жоғары мамандар үшін педагогикалық даярлықсыз және педагогикалық білім, дағдылар мен шеберліксіз мүмкін болмайтын тәрбие беру функцияларын орындайтын жүйені қажет етеді, яғни, ол тұлғаның жалпыланған сипаттамасын анықтайтын педагогикалық мәдениет болып табылады. Сондықтан, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру процесінде тиімді өзара әрекеттесу үйлесімді, табандылықты қажет ететін қабілеттілігін көрсетеді.

Біз аталған проблемаға назар аударған Г.М. Андреева, И.А. Зимняя, Е.И. Исаев, Е.И. Рогов, В.В. Рыжов, В.И. Слободчиков, И.П. Шкуратова және тағы басқа ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде қатынас тендессіз іс-әрекет, ерекше текті іс-әрекет түрінде берілгендігін анықтадық.

Мысалы, Г.М. Андреева әртүрлі көзқарастарды қоса отырып, қатынастың кез келген түрлері дегеніміз — адамдардың бірлескен іс-әрекетінің ерекше түрлері деп атап өтеді: адамдар әртүрлі қоғамдық функцияларды орындау процесінде жай ғана араласпайды, сонымен бірге олар қандай да бір іс-әрекетке қатынасады, іс-әрекеттің қатынас арқылы жай ғана ұйымдастырылмайтыны жөнінде онда адамдар арасында жаңа байланыстар пен қатынастар пайда болады. «Қатынас дегеніміз — адам қатынастарының бүкіл жүйесін іске асыру... Қатынасыз адамзат қоғамын болжау мүмкін емес. Қатынас онда тұлғаларды цементтеу тәсілі ретінде және сонымен бірге осы тұлғалардың өздерінің даму тәсілі ретінде болады» [3].

Сондай-ақ қатынас пен іс-әрекет ұғымдарының ара қатынасын Р.С. Немов қарастырған [4]. Ғалымның пікірінше, адамның белсенділігі түрлері ретінде іс-әрекет пен қатынас арасында айырмашылықтар бар болады. Әдетте, іс-әрекет нәтижесі қандай да бір материалдық немесе идеалды өнімді (бұл — идеяны, ойды тұжырымдау) жасау нәтижесі болып табылады. Қатынас қорытындысы — адамдардың бір-біріне өзара әсер етуі, іс-әрекет — адамды дамытатын белсенділік түрі ретінде, ал қатынас оны тұлға ретінде қалыптастыратын белсенділіктің зияткерлік түрі болады. Іс-әрекет — адамның дербес түрленуіне, ал қатынас оның зияткерлік дамуына қатысады. Осының нәтижесінде, Р.С. Немов бойынша, іс-әрекеті және қатынасты адамды дамытатын әлеуметтік белсенділіктің өзара байланысқан жақтары ретінде қарастыруды керек етеді.

Ал, И.А. Зимняяның анықтамасы бойынша, қатынас — бұл «төтенше кең және сыйымды ұғым. Бұл ұғынылған және ұғынылмаған вербалды байланыс, ақпаратты беру және қабылдау, бұл барлық жерде және ылғи да байқалады. Қатынас көп жүзді: оның көптеген нысандары мен түрлері бар». Ол «қатынастың өзі іс-әрекет емес, ал қоғамдық-еңбек қатынастарында іс-әрекеттің әр түрлерімен айналысатын адамдардың өзара әрекеттесу нысаны» деп айрықша баса айтады. Өзара әрекеттесу нысаны адамдар іс-әрекетінің қоғамдық-коммуникациялық сферасында пайдаланылатын құралдарға байланысты болады. Адамның тіршілік әрекетінің жалпы мақсатының өзгеруіне байланысты әрекеттесудің өзара байланысқан және өзара қамтамасыз етілген үш сферасы ерекшеленеді: қоғамдық-өндірістік (еңбек), танымдық (таным) және қоғамдық-коммуникациялық (қатынас) [5].

Психологияда қатынас «ақпаратпен алмасу, бірыңғай өзара әрекеттесу стратегиясын жасау, басқа адамды қабылдау және түсіну кіретін, адамдар арасында бірлескен әрекеттің қажеттіліктерімен тудырылатын байланыстарды анықтаудың және дамытудың күрделі көп жоспарлы процесі» ретінде түсіндіріледі [6].

Жалпылай келгенде, қатынастың әмбебап, мінсіз процесс болып табылатынын түсіндіруге мүмкіндік береді, ол ақпаратты алу және түрлендіру көзі, адамдар арасында байланыстарды орнату және дамыту процесі болып табылады; қатынас арқылы адамдар іс-әрекетінің әртүрлерін ұйымдастырады, тәжірибесімен, білімдерімен, еңбек нәтижелерімен алмасады, өзара түсіністікке қолжеткізеді, мақсатқа сәйкес әрекеттер бағдарламасын жасайды, бір-біріне өзара әсер етеді. Қарастырылған көзқарастарды біріктіріп, қатынас мәнін өзара әрекетті, өзара түсіністікті, өзара әсерді қамтамасыз ететін, мақсатқа бағытталған және ақпараттық-энергетикалық процестердің өзгеше жүйесі ретінде анықтауға болады, олардың барысында серіктеске және шындыққа қатысты айқындалатын, мәдениет пен адамдардың қауымдастығы негізін құрайтын, танымдық және эмоциялық-бағалау сипатты ақпаратпен алмасу болады.

Қатынас шарттарына байланысты іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде, іс-әрекеттің шарты ретінде, іс-әрекеттің бір бөлігі ретінде, құрал ретінде немесе белсенділіктің дербес нысаны ретінде, зияткерлік және адамгершілік даму негізі ретінде алға шығады. Мәселен, қатынастың жеке және әлеуметтік сипатта болуы оның, субъект-субъектілік, субъект-объектілік, объект-субъектілік, объект-объектілік болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Демек, қатынасқа көзқарасты жалпылайтын болсақ, онда педагогикалық қатынастың талаптары оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктерін ескеруді қажеттенеді.

Зерттеу барысында, анықтағанымыз бойынша, әлі күнге дейін мектептің, жоғары оқу орындарының және педагогикалық ғылымның педагогикалық мәдениетті қалыптастыру міндетіне көңіл бөлмеген деп пайымдау артық десек, онда оқушыларды, студенттерді және болашақ мамандарды тәрбиелеу олардың педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың бірыңғай тұжырымдамасы, оның әдістемелік қамтамасыз етілуі, тарихи-педагогикалық талдауы жеткіліксіздігінен көреміз. Сондықтан біздің қоғамда педагогикалық мәдениетті қалыптастыру проблемасы білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі болып отыр.

Анықталған проблеманы зерделеу үшін оны мәдениет теориясы бойынша әдебиетте анықтауға қандай амалдар бар болатынын айқындау қажет. Кейбір зерттеушілер оны — адамның әрекет ету тәсілі, басқалары — адам шығармашылығының процесі ретінде, үшіншілері — адам іс-әрекетіндегі маңызды күштерді іске асыру шарасы мен тәсілі ретінде, төртіншілері құндылықтар жүйесі және оларды іске асыру процесі ретінде анықтайды.

Атап кететін бір жайт, ол, әрине, біз А.В. Стремоуховтың пікіріне қосылатындығымыз, яғни «мәдениет» ұғымына Ю.П. Ожегов те аса сәтті анықтама берді: «Мәдениет — бұл адамдардың әлеуметтік құндылықтардың дамуын меңгеру бойынша шығармашылық әрекетінің тәсілі және нәтижелері, онда қоғам мен тұлғаның прогресі айқындалады және олардың арқасында қамтамасыз етіледі». Басқаша айтқанда, мәдениет, айталық, іс-әрекеттің заңды немесе педагогикалық және оған ұқсас түрлерімен қатар, оның ерекше түрі ретінде емес, оның кез келгенінің сапалық сипаттамасы ретінде қарастырылды. «Мәдениет қоғамдық өмірдің бөліктерінің бірі, адамдар өмірінің жеке сферасы болмайды. Мәдениет — олардың сапалық сипаттамасы ретінде қоғамдық өмірдің барлық салаларына тән».

Тұлға мәдениеті — бұл оның маңызды күштерін, материалдық және рухани құндылықтарды жасау және тұтыну бойынша шығармашылық іс-әрекетінде оларды іске асыру тәсілдерін дамытудың жоғары дәрежесі. Демек, тұлға мәдениеті маңызды күштердің бар болуымен және олардың даму дәрежесімен сипатталады. «Адамның маңызды күштері» деген не? — деген сұрақ туындайды.

Өз кезегінде адамның маңызды күштерінің тең оның іс-әрекетіне ғана және, ең алдымен, еңбегінде айқындалуы мүмкін екендігі туралы куәландырады. Адам әлемді тек еңбек арқылы түрлендіреді және өзінің күштері мен қабілеттерін заттандырады. Осыдан «іс-әрекет» категориясы «мәдениет» категориясынан ажыратылмайды, не болмаса «ол мәдениет механизмі — әлеуметтік тәжірибені жалпылау және бекіту нәтижелері мен құралдары арқылы программаланады және жүзеге асырылады». Осыдан «әрекеттесу тәсілі» ұғымы теорияны негіздегенде және мәдениет феноменін сипаттағанда базалық категория ретінде қабылдануы тиіс екендігі шығады.

Маңызды мәселенің бірі, бұл, әрине, мәдениетті зерделеу, адамның жеке ерекшелігін қарастыра отырып, педагогикалық мәдениетті дамытудың негізгі бағыттарын да заңға сыйымды қамтамасыз етті. Кез келген азамат іс-әрекетінде және қатынас процесінде оқыту, тәрбиелеу және, әрине, мәдениет тұрғысында ең жақсысын алуға тырысады. Берілген жағдайда мәдениеттің дамуы тұлғаның қоғамдық тіршілік әрекетінің кез келген саласында дамуымен сәйкес келеді.

Жоғарыдағы негізделген мазмұнға сәйкес, тұлғаның педагогикалық мәдениетін талдау оның әдіснамалық мәні үшін қажет. Философиялық білім құрылымының түсінігін, зерттеу тақырыбының өзгешелігін назарға алып, әдіснамаға, гносеологияға, диалектикалық логикаға, әлеуметтік философияға, сондай-ақ ғылым философиясына сүйенеміз. Зерттеу негізіне таным теориясының, философиядағы ғылыми таным теориясының маңызды сипаттамасы қабылданған. Бұл жерде адамзат факторы рөлінің жоғарылауымен мәдениет максиологизациясы тенденциясы, оған жақсы қасиеттер беру байланысқан. Мұнда мәдениет құндылықтар жүйесі және оларды іске асыру процесі ретінде айқындалады.

Философ-ғалымдар мәдениет ұғымында әр түрлі бөлімдерді ерекшелейді — бұл рухани және материалдық бөлімдер. Осыдан алғанда, материалдық мәдениеттің адам іс-әрекетінің бүкіл сферасын, оның нәтижелерін, қоғамның материалдық өмірінің және адамның жеке тіршілік ету жағдайларын тудыратынның барлығын қамтитыны шығады, ол өндірістік күштердің даму деңгейімен, қоғамның экономикалық құрылысымен анықталады, рухани мәдениеттің қалыптасу және даму базасын атқарады.

Қазіргі уақытта әдебиетте кездесетін анықтамаларды кез келген тарихи кезеңге бөліп қарастыруға болады. Сондай-ақ маманның педагогикалық мәдениетіне сапалы жаңа талаптар қойылады. Басқаша айтқанда, педагогикалық іс-әрекет ретінде 20–25 жыл бұрын саналғанды және қазір саналатынды бірдей анықтауға болмайды. Жүйелік-құрылымдық амалдың зерделенетін құбылыстарға қойылатын талаптары және зерттеу міндеттері бізді, оларды бір мезгілде пән ретінде де, тәрбие берудің нәтижесі ретінде де қарастырып, онда оның құраушыларының маңызды элементтерін көрсету арқылы педагогикалық іс-әрекет анықтамасын шекті нақтыландыру қажеттілігіне келтірді.

Философиялық және психология-педагогикалық әдебиеттерде тұлғаның педагогикалық мәдениетінің құрылымына көзқарастарда анықталған бірлік қалыптасты. Біздің ойымызша, кездескен айырмашылықтар түбегейлі емес және негізінде олардың көптігі туралы айтылады.

Педагогикалық мәдениеттің негізгі элементтеріне психология-педагогикалық білім және білімдарлық; педагогикалық бағытталғандық (өзгеше кәсіптік қатынастар, көзқарастар мен нанымдар жүйесі); педагогикалық бағытталған қатынас және тәртіп; оқу және тәрбие берудің нәтижелі және шығармашылықпен үйлестіре білу; тәрбиелеушінің педагогикалық іс-әрекетіндегі кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы; үнемі өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылу (өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу) және т.б. жатады.

Білімділік мәдениеттіліктің маңызды алғышарты болғанымен, бұл екі ұғымның арасында елеулі айырмашылық, белгілі алшақтық, кейде тіпті қайшылық бар. Ғылымның бет алды дамуы, шектелмеген техникалық әрекет мәдениетке үлкен нұқсан келтіруі мүмкін. Тек жоғары деңгейде мәдениеті бар өркениет ғылым мен техниканың дамуындағы теріс салдарларды бейтараптандыра алады. Егер біз ғылым арқылы шындықты ашсақ, өнер арқылы әсемдікке ұмтыламыз, ал моральдік таным арқылы — жақсылық пен жамандықты айырамыз.

Отандық ғылымда қатынас бұрыннан әлеуметтік психологияның базалық категориясы болған және танымдық, эмоциялық-бағалау және басқа ақпаратпен алмасу мақсатында екі немесе одан көп адамның өзара әрекеттесуі ретінде анықталған, қатынас дербес зерттеу объектісі ретінде біршама жақында ғана бөлінді. Қатынас зерттеу тақырыбынан алдымен танымдық процестерді, сонан соң жалпы алғанда адамның тұлғасын зерделеу тәсіліне, қағидасына айналды.

Жалпы белгілі болғандай, қатынастың эмбебап, мінсіз процесс болып табылатынын түсіндіруге мүмкіндік береді, ол ақпаратты алу және түрлендіру көзі, адамдар арасында байланыстарды орнату және дамыту процесі болып табылады; қатынас арқылы адамдар қызметтің әр түрлерін ұйымдастырады, тәжірибесімен, білімдерімен, еңбек нәтижелерімен алмасады, өзара түсіністікке қолжеткізеді, мақсатқа сәйкес әрекеттер бағдарламасын жасайды, бір-біріне өзара әсер етеді. Қарастырылған көзқарастарды біріктіріп, қатынас мәнін өзара әрекетті, өзара түсіністікті, өзара әсерді қамтамасыз ететін, мақсатқа бағытталған және ақпараттық-энергетикалық процестердің өзгеше жүйесі ретінде анықтауға болады, олардың барысында серіктеске және шындыққа қатысты айқындалатын, мәдениет пен адамдардың қауымдастығы негізін құрайтын, танымдық және эмоциялық-бағалау сипатты ақпаратпен алмасу болады.

Қатынасты қарастырғанда берілген категорияның қызмет контекстінде зерделенетінін есепке алу қажет. Сөздің тар мағынасында қызмет деп қоршаған әлемге белсенді қатынастың өзгеше адамдық нысаны түсіндіріледі, оның мазмұнын мақсатқа сәйкес өзгеруі және түрленуі құрайды; кең мағынасында тек қоршаған ортаға ғана емес, сонымен бірге адамның өзіне бағытталған, мақсатты болжайтын шығармашылық белсенділік түсіндіріледі. Қызметтің берілген анықтамасынан шығатыны: қызметтің негізгі мазмұны әлемнің (сыртқы немесе ішкі) мақсатқа сәйкес өзгеруі және түрленуі болып табылады. Бірақ мақсатқа сәйкестілік пен түрленуді ылғи да қатынастың мазмұндық сипаты деп тануға болмайды. Қатынастың белгілі түрлері болады, оларда тап мұндай қызмет болмайды.

Қатынастың белсенді сипатын көрсететін категориялардың бірі «өзара әрекеттесу» категориясы болып табылады, ол бірыңғай мақсатқа бағыныштылықпен, мақсатты болжаумен байланысты емес, сонымен бірге қатынас процесінің екі бағыттылығын және нақтылығын көрсетеді. Бірақ кез келген өзара әрекеттесу қатынастарсыз болмайды. Адамзат қатынастарының айқындалуы ретінде қатынастың қарама-қайшы, екіжақты сипаты болады, ол бір мезгілде объективті де, сонымен бірге субъективті жанамаланған процесс ретінде болады, себебі нақты тіршілік әрекетінде адам қоғамның «өнімі» ғана емес, сонымен бірге оны жаратушы болып табылады.

Қатынас қоғамдық қатынастардың айқындалуы тұлғалық нысаны болып табылады, сонымен бірге оларға келтірілмейді, ол бір мезгілде тұлғааралық, ұлтаралық қатынастардың ақиқаты ретінде болады. Объективті сипаттама адамзат қатынасының қоғамда қалыптасқан қатынастар жүйесімен анықталуынан ғана емес, сонымен бірге оның адам үшін адам санатына еруге байланысты емес қажеттілік болып табылуынан айқындалады, объективті қажеттілік субъектіленеді, жеке қажеттілік болады. Қатынас бір мезгілде адамдар бірігуінің объективті қажеттілігі ретінде де, олардың субъективті қажеттілігі ретінде де алға шығады. Адамның өзінің субъективтілігін, адам ретінде өзіне көзқарасын сезінуі қатынасқан да, басқа адамдардың сезінуі арқылы болады.

Ол педагогикалық қатынасты оқытушының білім алушылармен кәсіптік қатынасы ретінде қарастырады, сонымен бірге студенттердің бойында оңтайлы өзара қатынастарды қамтамасыз ету, ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық процестерді басқару, меншікті қатынас пен тәртіпті иелену шеберлігін қалыптастыруға басты назар аударады, бұл білім беру процесіне қатысушылардың

эмоциялық-адамгершілік көңіл-күйіне белгілі түрде әсер етеді. Осыдан педагогтың кәсіптік шеберлігі — педагогикалық қатынас процесінде білім алушыларға әсер етудің теңдессіз қабілеті ерекшеленеді.

Оқу-тәрбие процесіндегі педагогикалық қатынастың жетекші ролін атап өтіп, оған, адамдар арасындағы байланыстарды анықтауға қарағанда, аса маңызды функцияны береді, атап айтқанда, «педагогикалық қатынас әр түрлі коммуникациялық құралдардың көмегімен іске асырылатын және педагогикалық этиканың қолданылып жүрген нормалары шеңберінде әрекет ететін педагогикалық міндетті шешуге бағытталған, күрделі коммуникациялық өзара әрекеттер жүйесімен беріледі [39]; педагогикалық қатынастың өзгеше ерекшеліктерін ерекшелейді, ол:

– оқу міндеттерін шешу құралы ретінде;

– тәрбие процесінің әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етілуі ретінде;

– тәрбиелеу мен оқыту табыстылығын қамтамасыз ететін педагог мен тәрбиеленушілердің өзара қатынастарын ұйымдастыру тәсілі ретінде;

– білім алушылардың әлеуметтік тәртібін қалыптастыру факторы ретінде болады.

Аталған ерекшеліктер оқу-тәрбие процесінің негізгі мазмұнын өзіне алатындықтан, қатынас педагогикалық қызметтің негізін құрайды деп айтуға болады.

Бүгінгі таңда педагог-ғалымдар, психологтар берілген ұғымды анықтауға әртүрлі талпыныстарды қолданады. Т.И. Кулыпина білім берудегі тұлғалық-бағдарланған амал баланың тұлғасын дамытуға негізделеді деген тұжырымға келеді, оған өзара байланысқан екі жоспар кіреді: ол адамның ішкі, мәнді, табиғи, әмбебап қасиеттерінің өздігінен ашылуы ретінде және тұлғаның құндылықтары жүйесінің қалыптасуы ретінде көрсетіледі.

Біздің ойымызша, тұлғалық-бағдарланған білім берудің мақсаты адамды қалыптастыру және тіпті тәрбиелеу емес, табу, қолдау, адамдағы адамды дамыту және онда өзін-өзі көрсету, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі тәрбиелеу және өзіндік тұлғалық бейненің қалыптасуы және адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен диалогты және қауіпсіз өзара әрекеттесу үшін қажетті басқа механизмдердің негізін қалау.

Тәрбиені азаматты қайта дамыту, мәдениет және адамгершілік адамы ретінде қарастыратын, тұлғалық-бағдарланған тәрбие тұжырымдамасын белгілі ғалым Е.В. Бондаревская ұсынады. Бастапқы калпын тәрбие қоғамдағы ілгерілетуші және тұрақтандырушы функцияларды орындайды: мәдениетті сақтау, еске түсіру және дамыту; ұрпақтар ауысуының тарихи процесіне қызмет көрсету, тұлғаның мәдениет субъектісі ретінде еркін дамуы, өзінің дамуы және тіршілік әрекеті үшін жағдайлар жасау. Автор тәрбие процесін мақсатқа бағытталған, екіжақты, ақпараттық-қызметтік, ұжымдық-шығармашылық, қатынастық, басқарылатын, тұлғаның рухани әлеміне жүгінген процесс ретінде ерекшелейді. Тәрбиедегі тұлғалық-бағдарланған амал білім алушының тәрбие процесінің белсенді субъектісі танылуың, тәрбие тиімділігінің жоғары көрсеткіші – субъектілік қасиеттердің қалыптасқандығын білдіреді. Тұлғаның осы қасиеттерінің қалыптасуына білім беру мен тәрбиелеудің адамгершілік негіздерін, яғни педагогикалық процесі ізгілендіру, күшейту мүмкіндік туғызады.

Е.В. Бондаревская тұжырымы бойынша, тұлғалық-бағдарланған тәрбиені тұлғаны мәдени сәйкестендірудің, әлеуметтік бейімделуінің және шығармашылық өзін-өзі көрсетуінің педагогикалық басқарылатын процесі ретінде анықтайды. Тұлғалық-бағдарланған тәрбиенің мақсаты мәдениет адамы болады, оның мәні руханилық болып табылады, руханилық негізі ретінде білім беру тәрбиенің құраушысы болады.

Қатынастың негізгі тәсілдері жалпылап қорытылған және өзара әрекет типтеріне байланысты топтарға біріктіріледі. Олардың тағайындалуы өз араларында ұқсас, бірақ қатынас түрі бойынша ерекшеленеді. Біріншісі басымдылығы бойынша – субъект-субъектілік, екіншісі негізінде субъект-объектілік болып табылады. Бірақ екеуі де тұлғалық-бағдарланған амалда іске асырылуы мүмкін.

Сондықтан кәсіптік мәдениеттің, кез келген басқа мәдениеттің сияқты, жетілу шегінің жоқ екендігін атап кету керек. Қоғамның дамуына қарай оның сапалық деңгейі және практикалық маңызы үнемі артып отырған және болашақта да артатын болады. Педагогикалық мәдениеттің қалыптасуы қоғамның барлық педагогикалық жүйесінің дамуы мен жұмыс істеуі үшін орасан зор мәні бар. Тұлғаның педагогикалық іс-әрекетіне әсер етіп, педагогикалық мәдениет сонымен бірге мемлекеттік қызмет орындарында, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың іс-әрекеттеріне де әсер етеді. Өзара азаматтардың арасында, адамдарда мәдениетке деген құрметті – тәрбиелеумен байланысты қыруар жұмыс жүргізу міндеті тұр.

Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындары болашақ мамандардың кәсіптік мәдениетін қалыптастырудағы тұлғалық-бағдарланған қатынасты жобалау теория мен практикадағы проблемалы

және жеткіліксіз әзірленген міндет болып табылады. Зерттеулердің басымдылығы, білім беру процесі субъектілерінің тұлғалық қатынасының ерекшеліктерін қозғамайды. Осыған орай, қазіргі гуманистік парадигма қағидалары іске асырылатын, білім алушының тұлғалық-кәсіптік дамуы үшін қажетті шарттар құрылатын амалды, болашақ мамандардың кәсіптік даярлығындағы тұлғалық-бағдарланған қатынасты жобалаудың басты фактор ретінде қарастыру қажеттігін негіздейміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.
- 2 Концепция государственной политики в области образования // Учитель Казахстана. — 2005. — № 9.
- 3 Андреева Г.М. Социальная психология: учебник / Г.М. Андреева. — М.: Аспект Пресс, 1998. — 376 с.
- 4 Немов Р.С. Психология: [В 3 кн.]. Кн. 1: Общие основы психологии / Р.С. Немов. — М.: Знание, 2009. — 688 с.
- 5 Зимняя И.А. Педагогическая психология: учебник для вузов / И.А. Зимняя. — М.: Логос, 2004. — 384 с.
- 6 Краткий психологический словарь / под ред. А.В. Петровского. — М.: Инфра, 2005. — 213 с.

Э.Тусупбекова, Е.Тусупбеков, П.Ишанов

Роль личностно-ориентированного отношения в формировании профессиональной культуры будущего специалиста

В статье рассматриваются вопросы возможности раскрытия того, что коммуникация является универсальным, безупречным процессом, что это источник получения и преобразования информации, процесс создания и развития связей между людьми. С научной точки зрения обосновывается, что посредством коммуникации люди могут организовывать разные виды деятельности, обмениваться знаниями, опытом, трудовыми результатами, достигать взаимопонимания, разрабатывать программу действий в соответствии с целью, влиять друг на друга. На основе рассмотренных позиций суть коммуникации определяется в качестве особой системы целенаправленного и информационно-энергетического процесса, обеспечивающего взаимопонимание и взаимодействие.

Ключевые слова: виды коммуникации, будущие специалисты, педагогическая наука, педагогическая культура, особенности учебно-воспитательного процесса, проблема формирования, педагогическая культура личности, культура личности, педагогически ориентированная коммуникация, совокупность личностных качеств.

Е.Тусупбекова, Ye.Tusupbekov, P.Ishanov

The role of the person-oriented relationship in the formation of the professional culture of the future specialist

Article allows to understand that communication is an universal, flawless process, it is a source for obtaining and transforming information, a process for setting and developing interaction between people. People create different actions through communication, exchange knowledge, experience, results of their work, reach an understanding, make a program corresponding to goals, influence on each other. Linking the reviewed opinions allows to define the communication as a goal-oriented, unique system of informational-energy processes, providing interaction, understanding and influence.

Keywords: types of communication, future specialists, pedagogical science, pedagogical culture, peculiarities of educational process, formation issue, personality pedagogical culture, culture of personality, pedagogical communication, personality traits.

References

- 1 Kazakstan Respublikasyndahy bilim berudi damytudyn 2011-2020 zhyldarha arnalhan memlekettik bahdarlamasy (2010) [The State Program of Education Development in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020]. Astana [in Kazakh].
- 2 Kontsepsiia hosudarstvennoi politiki v oblasti obrazovaniia (2005) [The concept of state policy in the field of education]. *Uchitel Kazakhstana – Teacher of Kazakhstan*, 9, 30 [in Russian].

- 3 Andreeva, G.M. (1998). *Sotsialnaia psikhologhiia [Social psychology]*. Moscow: Aspekt Press [in Russian]
- 4 Nemo, R.S. (2009). *Psikhologhiia: Obshchie osnovy psikhologii [Psychology: General principles of psychology]*. (Vol. 1-3, Vol. 1). Moscow: Znanie [in Russian].
- 5 Zimnyaya, I.A. (2004). *Pedahohicheskaia psikhologhiia [Pedagogical psychology]*. Moscow: Lohos [in Russian].
- 6 Petrovskii, A.V. (Eds.). (2005). *Kratkii psikhologhicheskii slovar [Brief psychological dictionary]*. Moscow: Infra [in Russian].

Репозиторий КАРГУ